

Бекітемін:
Ақмола облысы білім басқармасының
Қосшы қаласы бойынша
білім бөлімінің жанындағы
Қосшы қаласының
ЖШС «Жансая 2018»
«Нұрасы» балабақшасы
менгерушісі М.Ш. Бейсенбаева



**ЖШС «Жансая 2018» «Нұрасы»
балабақшасының
қамқоршылық кеңес жұмысының жұмыс жоспары
2023-2024 оқу жылы**

№	Уақыты	Атқарылатын іс-шаралар	Жауаптылар	Күні
1.	Қыркүйек	1. Қамқоршылық кеңес құру және бекіту, мүшелерін сайлау; 2. Қамқоршылық кеңес жұмыс жоспарын құру және бекіту; 3. Балабақшаның материалдық техникалық базасын сақтау және нығайту. Жаңа оқу жылына дайындық сапасы.	Қамқоршылық кеңес мүшелері	11.09.2023
2.	Қазан	1. Сапалы ыстық тамақты ұйымдастыру және бақылауға алу; 2. Балабақша ғимаратының қысқа дайындығы.	Қамқоршылық кеңес мүшелері	09.10.2023
3.	Қараша	1. Балабақшаның 2023-2024 оқу жылына бағдарламалық-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуін қарастыру.	Қамқоршылық кеңес мүшелері	13.11.2023
4.	Желтоқсан	1. Жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау және өткізуге көмек көрсету. 2. Қысқы уақытта учаскелерді қардан тазалауға ата-аналардың қатысуын ұйымдастыру.	Қамқоршылық кеңес мүшелері	11.12.2023
5.	Қаңтар	1. Балабақша менгерушісінің қызметі туралы I жартыжылдық есебі. 2. Топтардың санитарлық жағдайын бақылау.	Қамқоршылық кеңес мүшелері	15.01.2024
6.	Ақпан	1. Қысқы учаскелерді қардан тазалауға ата-аналардың қатысуын ұйымдастыру. 2. Ас блогінің санитарлық жағдайын бақылау.	Қамқоршылық кеңес мүшелері	12.02.2024
7.	Сәуір	1. Ашық есік күнін ұйымдастыруға және өткізуге ат салысу. 2. МАД тобына мектепке экскурсия жасау үшін жеткіздіру көліктерін ойластыру.	Қамқоршылық кеңес мүшелері	15.04.2024

Қамқоршылық кеңесінің хаттамалары

2023–2024 оқу жылы

ХАТТАМА №1

Өткізу айы: 11.09.2023

Қатысқандар: 5 адам

Төрайым: Бейсенбаева М.Ш.

Хатшы: Хамитова С.Ш.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қамқоршылық кеңес құру және бекіту, мүшелерін сайлау;
2. Қамқоршылық кеңес жұмыс жоспарын құру және бекіту;
3. Балабақшаның материалдық техникалық базасын сақтау және нығайту. Жаңа оқу жылына дайындық сапасы.

ТЫНДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Бейсенбаева М.Ш. Бірінші сұрақ бойынша таныстырып шықты. Қамқоршылық кеңес құру және бекіту, мүшелерін сайлау өткізіліп, Қамқоршылық кеңес төрайымы болып балабақша меңгерушісі тағайындалды. Қамқоршылық кеңес мүшелері болып төмендегі ата-аналар сайланды:

1. Мукашева Д. «Болашақ» тобының ата-анасы
2. Хаенова Ж. «Құлыншақ» тобының ата-анасы
3. Есенгулова А. «Ботакан» тобының ата-анасы

2. Қамқоршылық кеңес жұмыс жоспары құрылды
3. Балабақшаның материалдық техникалық базасын сақтау және нығайту. Жаңа оқу жылына дайындық сапасы бойынша сөз қозғалды. Барлық топтардың оқу жылына дайын екені аталып өтті.

Шешім:

1. 2023-2024 оқу жылына Қамқоршылық кеңес құрылсын және бекітілсін, мүшелері сайлансын.
2. Қамқоршылық кеңес жұмыс жоспары бекітілсін.

Төрайым:  Бейсенбаева М.Ш.
Хатшы:  Хамитова С.Ш.

ХАТТАМА №2

Өткізу айы: 09.10.2023

Қатысқандар: 5 адам

Төрайым: Бейсенбаева М.Ш.

Хатшы: Хамитова С.Ш.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Сапалы ыстық тамақты ұйымдастыру және бақылауға алу,
2. Балабақша ғимаратының қысқа дайындығы.

ТЫНДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Бейсенбаева М.Ш. Бірінші сұрақ бойынша кеңес мүшелеріне мәзір ұсынып, ас дайындайтын бөлмемен таныстырып шықты. Сапалы ыстық тамақты ұйымдастыру және бақылауға алу балабақша медбикесіне жүктелді.

2. Балабақша ғимаратының қысқа дайындығы туралы меңгеруші баяндады. Жылу берілу алдында қазандықтар тазаланып дайындалу актілері көрсетілді.

Шешім:

1. Балабақша балаларына сапалы ыстық тамақты ұйымдастырылып және ол бақылауға алынсын.
2. Қыс уақытында жылу қазандықтарының дұрыс жұмыс істеуі меңгерушіге жүктелсін.

Төрайым:

Хатшы:

Бейсенбаева М.Ш.

Хамитова С.Ш.

ХАТТАМА №3

Өткізу айы: 13.11.2023

Қатысқандар: 5 адам

Төрайым: Бейсенбаева М.Ш.

Хатшы: Хамитова С.Ш.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балабақшаның 2023-2024 оқу жылына бағдарламалық-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуін қарастыру.

ТЫНДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Бейсенбаева М.Ш. осы сұрақ бойынша кеңес мүшелеріне жаңа оқу жылына арналған оқу әдістемелік құралдарын көрсетіп, топ ішіндегі балалардың дамуына арналған құрал жабдықтармен таныстырды.

Шешім:

1. Балабақшаның 2023-2024 оқу жылына бағдарламалық-әдістемелік құралдары толық дайындалған

Төрайым:

Хатшы:

Бейсенбаева М.Ш.

Хамитова С.Ш.

ХАТТАМА №4

Өткізу айы: 11.12.2023

Қатысқандар: 5 адам

Төрайым: Бейсенбаева М.Ш.

Хатшы: Хамитова С.Ш.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жаңа жылдық ертенгіліктерді дайындау және өткізуге көмек көрсету.
2. Қысқы уақытта учаскелерді қардан тазалауға ата-аналардың қатысуын ұйымдастыру.

ТЫНДАЛДЫ:

1. Балабақша меңгерушісі Бейсенбаева М.Ш. кеңес мүшелеріне жаңа жыл мерекесін өткізу жоспарын ұсынып, қандай театр шақырылатын афишамен таныстырды. Кеңес мүшелері оны қолдап, балаларға бірдей сыйлық алу керек екендігін атап өтті.
2. Балабақша ғимаратының манайын қысқы уақытта аула жинаушы жинағанымен, ата-аналардың көмегі керек екені атап өтілді.

Шешім:

1. Балаларға бірдей сыйлық алу керек.
2. Қысқы уақытта учаскелерді қардан тазалауға ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету.

Төрайым:



Бейсенбаева М.Ш.

Хатшы:



Хамитова С.Ш.

ХАТТАМА №5

Өткізу айы: 15.01.2024

Қатысқандар: 5 адам

Төрайым: Бейсенбаева М.Ш.

Хатшы: Хамитова С.Ш.

КҮН ТӨРТБІ:

1. Балабақша меңгерушісінің қызметі туралы I жартыжылдық есебі.
2. Топтардың санитарлық жағдайын бақылау.

ТЫНДАЛДЫ:

1. Балабақша меңгерушісі Бейсенбаева М.Ш. кеңес мүшелеріне бірінші жартыжылдықта атқарылған жұмыс бойынша баяндама жасады. Баяндама барысында балабақшамызда өткізілген ашық сабақтар бойынша есеп беріліп, Нені тағы ескеру керектігі ата өтілді.
2. Топтардың санитарлық жағдайы бойынша балабақша медбикесі сөз алды. Кеңес мүшелеріне кварцтау кестесі, ылғалды жинау кестесі ұсынылды.

Шешім:

1. Меңгеруші есебі қабылданын.
2. Топтардың санитарлық жағдайы бақылауға алынсын.

Төрайым:  Бейсенбаева М.Ш.

Хатшы:  Хамитова С.Ш.

ХАТТАМА №6

Өткізу айы: 12.02.2024
Қатысқандар: 5 адам
Төрайым: Бейсенбаева М.Ш.
Хатшы: Хамитова С.Ш.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Қысқы учаскелерді қардан тазалауға ата-аналардың қатысуын ұйымдастыру.
2. Ас блогінің санитарлық жағдайын бақылау

ТЫНДАЛДЫ:

1. Балабақша ғимаратының манайын қысқы уақытта аула жинаушы жинағанымен, ата-аналардың көмегі керек екені атап өтілді.
2. Ас блогінің санитарлық жағдайы бойынша балабақша медбикесі сөз алды. Кеңес мүшелеріне жинау кестесі, ығалды жинау кестесі ұсынылды.

Шешім:

1. Қысқы учаскелерді қардан тазалауға ата-аналардың қатысуын ұйымдастырылсын.
2. Ас блогінің санитарлық жағдайы бақылауға алынсын.

Төрайым:  Бейсенбаева М.Ш.
Хатшы:  Хамитова С.Ш.